

"Қаржы мониторингі субъектілерінің клиентті тиісінше тексеруі үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 ақпандағы № 56 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 506 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 5 мамырда № 10932 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2026 жылғы 28 қаңтардағы № 2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 28.01.2026 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қаржы мониторингі субъектілерінің клиентті тиісінше тексеру үшін қажетті құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 ақпандағы № 56 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6107 болып тіркелген, 2010 жылғы 26 наурыздағы № 42 (1664) "Заң газеті", 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 17 (487) "Официальная газета" газеттерінде жарияланған) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңының 10-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:"**;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қаржы мониторингі субъектілерінің клиентті тиісінше тексеруі үшін қажетті құжаттар тізбесі көрсетілген осы бұйрық қосымшасына сәйкес редакциясында жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті (Б.Ш. Тәжіяқов) белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуінен он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімді басылымдарда және "Әділет" нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2014 жылдың 14 желтоқсанынан кейін қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Әділет министрі

Б. Имашев

31 наурыз 2015 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедиұлы

20 қараша 2014 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

25 қараша 2014 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Инвестиция және даму министрі

А. Исекешев

21 қараша 2014 жыл

КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің төрағасы
Қ. Келімбетов

27 қараша 2014 жыл

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
бұйрығына қосымша
2014 жылғы 20 қараша № 506
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2010 жылғы 15 ақпандағы
№ 56 бұйрығымен бекітілген

**Қаржы мониторингі субъектілерінің клиентті тиісінше тексеруі
үшін қажетті құжаттар тізбесі**

Қаржы мониторингі субъектілерінің клиентті тиісінше тексеруі үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғалары үшін:
жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) Қазақстан Республикасының бейрезидент жеке тұлғалары үшін:
жеке басын куәландыратын құжат;
егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен басқасы көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағына бейрезидент жеке тұлғаның келіп кетуі және болуына құқық беретін Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелгенін куәландыратын құжат;
- 3) Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын резидент жеке тұлғалары үшін:
жеке басын куәландыратын құжат;
мемлекеттік тіркеуден өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжат;
- 4) Қазақстан Республикасының резидент және бейрезидент заңды тұлғалары және олардың оқшауланған бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) үшін:
ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операциялар жасауға заңды тұлғаның құжаттарына қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) жеке басын куәландыратын құжат (тары);
мемлекеттік тіркеуден өту фактісін растайтын уәкілетті орган берген құжат;
құрылтай құжаттары және (немесе) бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімнен үзінді көшірме;
заңды тұлға құрылтайшыларының (қатысушыларының) (акционерлік қоғамдар құрылтайшыларының (қатысушыларының), сондай-ақ шаруашылық

серіктестіктер, қатысушылардың тізілімін жүргізу біртұтас тіркеушімен жүзеге асырылатын құжаттарын қоспағанда), сондай-ақ заңды тұлға бенефициар меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжат (бенефициар меншік иесі заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) болып табылғанда және акционерлер (қатысушылар) тізілімнен үзінді көшірмесінен анықталған жағдайды қоспағанда);

клиент атынан сенімхатсыз іс-әрекеттер жасауға, соның ішінде ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операциялар жасауға, заңды тұлғаның құжаттарына лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) қол қою құқығына өкілеттілігін растаушы құжат (тар);

қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары және өкілдіктері үшін - қоғамдық немесе діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланған (тағайындалған) қоғамдық немесе діни бірлестіктің филиалы немесе өкілдігі басшысының өкілеттіктерін растайтын құжаттар;

заңды тұлғалардың филиалдары мен өзге нысандағы өкілдіктері үшін - филиалдың және өкілдіктің басшысына Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасы берген сенімхаты;

заңды тұлғаның тұрғылықты жерінің мекен-жайын куәландыратын құжат;

рұқсат (егер клиенттің қызметі "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асырылатын болса;

5) егер клиенттің атынан оның өкілі әрекет етсе (заңды тұлғаның лауазымды тұлғасынан басқа):

Қазақстан Республикасының резидент клиентінің өкілдері үшін:

жеке басын куәландыратын құжат;

клиенттің атынан заңды әрекеттер жасауға, соның ішінде ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, клиент құжаттарына клиент өкілінің қол қою құқығына өкілеттілігін растаушы құжаттар;

Қазақстан Республикасының бейрезидент клиентінің өкілдері үшін:

жеке басын куәландыратын құжат;

клиенттің атынан заңды әрекеттер жасауға, соның ішінде ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, клиент құжаттарына клиент өкілінің қол қою құқығына өкілеттілігін растаушы құжаттар;

егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағына резидент емес жеке тұлғаның келуі, кетуі және болуына құқық беретін Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелгенін куәландыратын құжат.

Тиісінше тексеру үшін қаржы мониторингі субъектілері клиенттен құжаттардың түпнұсқасын немесе нотариалдық куәландырылған көшірмесін

немесе апостиль қойдырылған немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген заңдастырылған тәртіппен құжаттардың көшірмелерін сұратуы тиіс.

Ескертпе: Осы Тізбеде қолданылатын резидент және бейрезидент ұғымдары "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көрсетілген мағыналар пайдаланылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК